

**"Шалқар ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 215 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 маусымда № 4378 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 мамырдағы № 112 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 22.05.2017 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастыры мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 "Шалқар ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 3-13-138 санымен тіркелген, 2010 жылғы 8 қыркүйектегі "Шалқар" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шалқар ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы қағидасында:

бүкіл мәтін бойынша "тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) деген сөздер" кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 тармақтың бірінші абзацынан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарына; "

3 тармақтың бірінші абзацынан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар-үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және салыстырып тексеруге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекеленген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;"

2. Осы шешім оның алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді.

*Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*М. Жиенгазина*

*С. Тулемисов*